



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№173
(20247)



9 қараша, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz/

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ
2007 жыл
2006 жыл
2005 жыл
2004 жыл
2003 жыл

2001-2002
2000 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК:
2001-2002 жылдар

2001 жылғы 28 ақпанда
Үкімет мәжілісінде Оңтүстік
Торғай ойпатындағы ілеспе
газды игеру мәселесі каралды.
Аталған мәселені талқылауға
Премьер-министрдің
орынбасары Даниал Ахметов
және өзге де министрлер
қатысты.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Ілеспе газды игеру жобасын
шетелдік мұнай компаниялары
өміршен емес деп қабылдап келген-
ді. Алайда кереғар көзқарасты Ақтау
мұнай-газ ғылыми институты жокка
шығарды. Мамандардың айтуынша,
Торғай інінде 36 млрд текше метр
газ қоры бар.

Үкімет мәжілісінде сол кездегі
облыс әкімі Серікбай Нұрғисаев
«осы жобаның жүзеге асуына қажетті
қаражат 140 млн АҚШ долларын
мұнайшылар, ал 12 млн долларын
жергілікті әкімшілік табуы тиіс. Бұл
жобаға қатысты Үкімет қаулысы
шықты. Ал, мұнай компаниялары
келісімге келмесе, лицензиясынан
айыру қажет» деп мәлімдеді. Со-
нымен облыс әкімінің Қызылорда
халқына «көгілдір отын» әкелу туралы
ұсынысы Үкіметтен қолдау тап-
ты. Бұл – үлкен жаңалық.

Табанды іс-қимыл нәтижесінде
Оңтүстік Торғай ініндегі ілеспе
газды игілікке жарататын уақыт
тағды. «Харрикейн Хайдрокар-
бонс» компаниясының директорлар
кеңесі «Күмкөл» кенішіндегі ілеспе
газды игеру мақсатында қуаты
40 МВт электр өндіретін генера-
тор қондырғысын орнатуға шешім
қабылдады. Ол үшін 30,3 млн АҚШ
доллары бөлінді.

Бұл жобаның мүмкіндігі жан-
жақты сараптан өткізілді. Босқа
жанып жатқан ілеспе газды игеру
арқылы арзан электр қуаты өн-
діретін болды. Қызылорда қала-
сының электр қуатына қажеттілігі
45-50 МВт екенін ескерсек, оның
манғыздылығын түсіндіріп жату
артық. «Харрикейн» ұзақ уақыт бойы
ілеспе газды игерудің мүмкіндігін
жан-жақты сараптан өткізіп, неғұр-
лым тиімді жобаны таңдауға қол
жеткізді. Түйінді мәселенің шешімі
ө дегеннен оңайға түскен жоқ. Себебі,
мұнай өндірушілер ортақ шешімге
келе алмай, осының салдарынан
олардың арасында біршама кикілжің
туғаны да рас.

2-бет

2 Жарықтың сөнуді
неге жиіледі?

3 ҰҚК: тәуелсіздікті
нығайту жолында
ҰҚК-КНБ

4 Жас оқырман
жадындағы қаламгер

4 Қаскөймен
бетпе-бет

● ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт
Тоқаев Ұлттық банк төрағасы
Ерболат Досаевты қабылдады.

Мемлекет басшысы Ұлттық банк
төрағасының биылғы 10 айдағы ақша-
кредит саясатын іске асырудың алдын ала
қорытындысы және әлемдегі инфляциялық
қысымның күшейіп, азық-түлік бағасының
кымбаттай түскені туралы есебін тыңдады.
Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа
Халықаралық валюта қорының инфляция-
ны тұрақтандыру жөніндегі болжамдары,
сондай-ақ дамыған елдердің ынталандыру
саясатынан бейтарап саясатқа көшуіне бай-
ланысты дамушы нарықтардан капитал-
дың жылыстау қаупі бар екені айтылды.

Кездесу барысында Үкіметпен
бірлесіп, инфляцияға төтеп беру жөніндегі
шаралар кешенін жүзеге асыруға қатысты
Президент тапсырмаларының орындалу
барысы, сондай-ақ азық-түлік бағасының
өсуі болар-болмас баулауына байланысты
қазан айындағы жылдық инфляцияның



денгейі 8,9 пайыз болғаны туралы ақпарат
берілді. Ерболат Досаев Қасым-Жомарт

Тоқаевқа биылғы 9 айда қалыптасқан төлем
балансының алдын ала бағалау көрсеткіші

туралы мәлімет ұсынды. Бағалауға сәйкес
сауда балансының жақсаруына байланыс-

ты төлем балансының тапшылығы 3 мил-
лиард АҚШ долларына дейін төмендеген.
Тұтынушылық импорттың өсуі төлем
балансының одан әрі жақсаруын тежейді.

Президентке алтын бағасының
кымбаттауы есебінен алтынвалютта қоры
активтерінің өсуі жөнінде және жыл басы-
нан бері Ұлттық қордағы инвестициялық
кірістің 2 миллиард АҚШ долларына
(3,44%) дейін қайта қалпына келгені туралы
ақпарат берілді.

Ұлттық банктің деректеріне сәйкес
БЖЗК портфельін әртараптандыру
нәтижесінде зейнетақы активтері мен
инвестициялық кірісі көлемі өскен.

Сонымен қатар Ерболат Досаев Мем-
лекет басшысының тапсырмасын орындау
мақсатында Ұлттық төлем жүйесін
пилоттық режимде іске қосуға дайын
екенін жеткізді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт
Тоқаев Ұлттық банк төрағасына бірқатар
нақты тапсырма берді.

● МЕРЕЙ

Кеңес төрағасы 70 жаста

Облыс әкімі Гүлшара
Әбілқалықова 70 жасқа толған
облыстық ардагерлер кеңесінің
төрағасы Серік Дүйсенбаевты
құттықтап, ілтипат көрсетті.

Кездесуге облыс әкімінің орын-
басары Серік Ахмет, облыс әкімі ап-
параттының басшысы Ерлан Райғанов,
Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек
Қазанғаев, мерейтой иесінің жүйбей
Сәрсенкүлі Дүйсенбаева және арда-
герлер Мұрат Нұрманов пен Дайрабай
Ысқақов қатысты.

Облыс басшысы қоғам қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері және
облыстық ардагерлер кеңесінің
төрағасы Серік Дүйсенбаевтың аймақ
дамуына қосқан сүбелі үлесін тілге тиек
етіп, ардагерлердің қоғамдағы орны
мен белсенділігін жоғары бағалады.

– Серік Әбішұлы, ел эконо-
микасының дамуы мен халықтың
әл-ауқатын көтеруге ықпал етіп,
Сыр өңірі үшін, соның ішінде
Қызылорда қаласының дамуы
жолында жоғары дәрежеде қызмет
еттіңіз. Парасаттылығыңыз бен кәсіби
біліктілігіңіздің арқасында әлі де
аянбай қызмет жасап жүресіз. Сіздің
тәжірибеніз, ақыл-кеңесіңіз жастар
үшін қымбат.

Облыстық ардагерлер кеңесі тө-
рағасы қызметін жауапкершілікпен,
тиянақтылықпен атқарып, Президент-
тіміздің саясатын қолдап, оны халыққа
түсіндіруде айтарлықтай жұмыс
ұсымдастырып келесіз. Ардагерлер
ұйымы халқымыздың құндылықтарын



насихаттап, ұрпақ тәрбиесіне белсене
атсалысып отыр. Бұл жұмыстарды одан
әрі жоғары дәрежеде үйлестіретініңізді
білемін. Бүгінгі мерейтойыңыз құтты
болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға
амандық тілеймін, – делі облыс әкімі.

Сондай-ақ, мерейтой иесіне ҚР
Мемлекеттік хатшысы Қ.Көшербаевтың
Алғыс хаты мен облыстың Құрмет
грамотасын табыстап, зор ілтипатпен
дәстүрге сай иығына шапан жапты.

Басқосула Дайрабай Ысқақов пен
Мұрат Нұрманов Серік Әбішұлының
өмір белесі туралы айтып, ізгі тілдерін
арнады.

Серік Дүйсенбаев көрсетілген құр-
метке ризашылығын білдіріп, елдің
бірлігі мен тұрақтылығы жолында
іргелі істерді жалғастыруда ардагерлер
кеңесінің белсенді жұмыс жүргізетініне
сенім білдірді.

Ақылы жол алдағы аптадан бастап енгізіледі

Еліміздегі ақылы жолдар жүйесіне
республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент»
жолы да қосылады. Ол бір аптадан кейін, яғни 15
қарашадан бастау алады.

2019 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген
инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол – 2020-2025»
мемлекеттік бағдарламасы аясында жеті жаңа ақылы жол
учаскесін енгізу туралы бұйрыққа қол қойылған. Олар –
«Шымкент-Қызылорда», «Нұр-Сұлтан-Павлодар», «Шым-
кент-Өзбекстан» шекарасы», «Шучинск-Көкшетау»,
«Қапшағай-Талдықорған», «Шымкент-Тараз», «Тараз-
Қайнар» бағытындағы 1-санаттағы автожолдар. Бұл
жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен
баспасөз конференциясында облыстық жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орын-
басары Қайрат Әбсұлтанов хабарлады.

2-бет



● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Көлік иелері неге наразы?

Жол полициясы Ресей нөмірін таққан
көліктерді жаппай тексеруге көшкен
секілді. Соңғы күндері Ресей нөмірін таққан
көліктерді тоқтатып, несін айыппұл салып,
көліктің өзін айып тұрағына алып кету
оқиғалары жиілей түскен. Осыған байла-
нысты әлеуметтік желілерде не Ресейде, не
Қазақстанда тіркеуде жоқ ресейлік нөмір
таққан көліктерді жаппай айып тұрағына
алып кетіп жатқаны туралы ақпарат тарауда.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

2-бет



● НАМЫС

Қайратына мінген қазақ боксы

Бокстан Әлем чемпионаты мәресіне жетті. Үкілеп қосқан үздіктеріміз
жұлдегерлер қатарынан көрінді. Жалықомандалық есепте екінші орын
өшімізге бұйырды. Бұл – жақсы көрсеткіш.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Қазақстандық жанкүйерлер ел
құрамасын Токио Олимпиадасынан кейін
сыңға алғаны белгілі. Жапон жеріндегі
аламанда қазақстандық былғары қолғап
шеберлері небәрі үш қола медальді місе
тұтып қайтқан еді. Бүгінге дейін талай
тайталаста топ жарған талантты жастар-
ды тәрбиелен келген тәлім үшін мұндай
төмен нәтиже көңіл көншітерлік емес.
Орынды сынан қорытынды шығарған
спорт башшылары бокстан ел құрамасына
Қайрат Сәтжанов сынды тәжірибелі
банкерді тағайындады. Ол бұдан бұрын
жастар құрамасына жетекшілік жасаған
еді. Шөкірттері сан алуан сайыстарда

алдыңғы лектен көрінді. Сондықтан оған
ересектер арасындағы Әлем чемпионатына
лайықты құрама дайындау міндеті
қойылды. Арқаны кенге салып жүретін
уақыт емес. Олимпиадалан кейінгі екі
айдың ішінде шаршы алаңда шыңдалған
шымыр жігіттерді іріктеу қайсыбір маман
үшін де оңайға соқпайды.

Сербия жеріндегі сайысқа іріктелген
13 спортшыға сеніммен қарадық. Десе
де, олардың қадамы қалай болар екен
деген сауал көкейімізде тұрғаны рас.
Тізімде тұрған жігіттердің көбісі 20
жастың манайында. Арасында бір-екілі
тәжірибелі жігіттер бар. Бұрын-соңды

мұндай беделді бәсекеде бақ
сынап көрмеген жастар қандай
деңгейде ойын көрсете алады?

Былғары қолғап шеберлері
ақтық сыңға дейін бірнеше
іріктеу сатысынан өтеді. Несін
жасырамыз, қазір кәсіпқой
бокста сыңға түсіп жүрген
Бек Нұрмағамбеттен
(86 келі) жанкүйерлер
көп үміт күткен еді.
Алайда ол жарыстың
алғашқы сатысында-ақ
қарсыласына есе жіберіп
қойды. Ал одан кейін Айбек
Оралбай (92 келі) және Нұрлан
Аманбай (92 келден жоғары)
жарыс жолынан шығып қалды.
Қуаныштысы, ширек финалда
Тізімде тұрған жігіттердің көбісі
Тізімде тұрған жігіттердің көбісі 20
жастың манайында. Арасында бір-екілі
тәжірибелі жігіттер бар. Бұрын-соңды



бағалады. Өйткені, әлемде бокс мектебі
жоғары деңгейде дамыған Ресейден сегіз,
Өзбекстан, Куба, АҚШ-тан алты спортшы
жарыстан аталған сатысына жолдама
алған еді.

Ашығын айттайық, санлақ-
тарымыз ширек финалда да
сенімді ойын көрсеткен еді.
Алайда, кейбір сәттерде
төрешілер шешімімен жеңіс
қарсыласына ауып кеткенде
танғалған сәтім аз болған
жоқ. Бұған дейін қарсыласын
қоғалай жапырып келген Ас-
ланбек Шымбергенов (71 келі)
украиналық Юрий Захаревпен қолғап
түйістірген еді. Жекпе-жек барысында
қазақстандықтың басымдығы
байқалып тұрды. Десе де төрешілер
бұра тартқандай нәтиже тіркелді.

4-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен әлеуметтік маңызды бар азық-түлік және өзге де тауарлардың бағасын тұрақтандыру бойынша кеңейтілген отырыс өтті. Жылғы облыс әкімінің орындаушылары, тиісті салалық басқарма мен департамент басшылары және онлайн режимде қала, аудан әкімдері қатысты.

Баға тұрақтылығы басты назарда

Жылдың күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Атап айтқанда, облыстағы тұтыну бағасының индексі, әлеуметтік маңызды бар азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлардың бағасын ұстап тұруға бағытталған шараларды саралау.

Алдыңғы облыс бойынша статистика департаментінің басшысы Мәриям Басқарова есеп беріп, көрсеткіштерге тоқталды. Облыста тұтыну бағаларының индексі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 106,8% құрады. Азық-түлік тауарларына баға 8,3%, өзге де тауарларға 6,7%, халыққа арналған ақылды қорғалғын қызметтерге 4,9%-ке өскен.

Отырыс барысында аймақ басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметке және Ұлттық банкке инфляцияны 8,5 процент деңгейіне ұстап тұру туралы тапсырма бергенін, соған сәйкес өңірдегі көрсеткішті осы межеге жеткізу керектігін тілге тиеп, жауапты сала басшыларына бірақтар міндет жүктелді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев негізгі азық-түлік бағаларын тұрақтандырудағы басты басымдықтарды атады.

Аймақта бағаның негізгі өсуіне жол бермеу үшін облыстың тұрақтандыру қорынан тауарлық интервенциялар жүргізу механизмі қолға алынған. Нәтижесінде, тұрақтандыру қорында 189,1 млн теңгенің 1161,4 тонна тауары сақталып отыр. Ал, 19 әлеуметтік маңызды бар өнім бойынша үш айлық қажеттілік 68,3 мың тоннаға құраса, оның жеткізілімі 59,2 мың тонна «байқоңыр» ӘКҚ АҚ арқылы 1685,4 тонна әлеуметтік маңызды бар өнімдерді жеткізу бойынша келісім алынаса, 1900 тонна өнім мемлекеттік сатып алу арқылы жоспарланды.

Өңірде азық-түлік бағасына деген қолжетімділікті арттыру үшін жәрменкелер ұйымдастыру қолға алынды. Жыл басынан бері тұрғындар үшін тұрақты тұрақ 35 рет ауыл шаруашылығы жәрменкесі өткізілді.

Талғат Тұрсынұлы бекітілген шектен бағасы 15%-тен жоғарылаған өнімдерге шекті бағаны облыс әкімдігі бекіту жөнінде 2021 жылдың 6 қыркүйегінде шешім ұсынып, қаулы жобасын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілгенін айтты. Мәселен, күнбағыс майын 781 теңге, піязды 106 теңге, сөбізді 221 теңге, картопты 158 және қантты 286 теңге көлемінде бекіту ұсынылды.

Жыл басында облыс әкімі азық-түлік бағасының өсуі халықты алаңдатып отырған өзекті мәселе – азық-түлік бағасының өсуі. Мұны реттеу мақсатында әр аптаның күн күндері Премьер-министр Аскар Маминнің төрағалығымен мәжілістері өткізілуде. Жыл боса аяқталып калды, жетекшілер айналында мерекелер кезеңінде әдеттегідей сауда-саттық көлемі ұлғайтады, әсіресе азық-түлік бағасы өсуі мүмкін. Сондықтан осы мәселелердің алдын алу шараларын қарастырудың қажет.

Үкіметтің тапсырмасына сәйкес, азық-түлік тауарларына баға бел-

гілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссияның құрылғанына 1 айдан астам уақыт өтті. Дегенмен, комиссия аясында жүктелген міндеттер бүгінге дейін орындалмай отыр. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері тиісті жұмыстарды апта соңына дейін аяқтап, ақпаратты ауыл шаруашылығы басқармасына жолдасын. Жауапты басқарма басшысы бөсекелестікті қорғау және дамыту департаментіне жинақталған ақпаратты жолдап, нәтижесін маған баяндайды. Ал, бөсекелестікті қорғау және дамыту департаменті азық-түлік тауарларының бағасына талдау жүргізіп, нәтижесімен, заң бұзушылық анықталған жағдайда Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне ұсыныс енгізуі қажет. Жұмыс та, абырдай да – бірақ, сондықтан бұл жерде дерткен жұмыс қажет, – деді облыс әкімі.

Жылдан қаралған үшінші мәселе бойынша облыстық қоспалық және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов азық-түлік емес тауарлар бағасына қатысты негізгі көрсеткіштерге тоқталды.

Был бұл санаттағы тауарлар бағасы өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 6,7 процентке өсті. Тұрмыстық, құрылыс тауарларына қарағанда өсім жанар-жағармай нарқында байқалады.

Аймақ басшысы азық-түлік емес тауарлар бағасы да жалпы инфляцияға үлкен әсер ететінін атап өтті. Мәселен, өткен жылғы пандемия кезіндегі карантиндік шаралар уақытша сауда-экономикалық байланыстар үзілгендіктен, тауар, шикізат тапшылығы салдарынан республикалық нарықта негізгі баға көтерілуіне әкелді. Әсіресе, жанар-жағармай бағасының өсуі мен тапшылығына байланысты халық арасында шағымданушы көп. Осы ретте облыс басшысы энергетика басқармасының басшысына басты өзгерістерге сай тұрғындарға қажетті түсінідурі жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Облыста ақылды қызмет көрсету бағаларында да өсім байқалады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда кешенді демалысты ұйымдастыру 31,4 процентке, жол-ауыл шаруашылығы азе тасымалы 17,5 процентке, пошта қызметі 12,5 процентке өскен. Дегенмен, тауар бағасына делдалдардың қызметі кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты облыс әкімі азық-түлік емес тауарлар бағасын реттеу бойынша делдалдық схемаларды тексеру қажеттігін атап өтті.

Жылдың қорытындылаған аймақ басшысы тамақ өнімдеріне қатысты, әсіресе, халық жиі тұтынатын 19 түрлі тауар бағасының шекті бағадан асып кетпеуі үшін бақылауды күшейтті, күн сайын мониторинг жүргізуді міндеттеп, нақты тапсырмалар берді.

Облыс көлемінде азық-түлік қорын қалыптастыру, тұрақтандыру қорының және айналым схемасымен заем беру арқылы бағаны тұрақтандыру, әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасына талдау жүргізіп, заңбұзушылық анықталған жағдайда қала және аудан әкімдеріне тиісті шаралар қабылдау тапсырылды. Сондай-ақ, әлеуметтік маңызды бар 19 тауардың сауда үтемесінің 15 проценттен асырмауды қамтамасыз етіп, бағаны тұрақтандыру үшін қосымша қаржы болу мүмкіндіктерін қарастыру жүктелді.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Жағдайға байланысты әрекет ету – қалыпты жұмыс

Әлемде коронавирус індетімен күрес жалғасуда. Бұл бағыттағы жұмыстар біздің елімізде де жүзеге асырылуда. Кейінгі күндері санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың тұрақтылығы байланысты облыс «саналы аймақ» қатарына еніп отыр. Дегенмен сақтық шараларына салғырт қарауға әлі ерте.

Сп Айгүр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Індет тіркелген бері өңірде коронавирус инфекциясымен 19019 науқас есепке алынды. Өткен тәулікте 15 жағдай анықталды. Жалпы емделіп шыққаны 96 процентті құрайды (18216 адам). Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов және облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымованың қатысуымен өткен брифингте айтылды.

Облыс бойынша инфекциялық стационарда 173 науқас, реанимациялық төсек-орында 19 науқас ем қабылдауда. Медициналық құралдармен жабдықталу індет басталған тұста 66 процентті құраса, биылғы 10 айдың қорытындысымен 76 процентке жетті. Эпидемиология басталғанда аймақта барлығы 76 өкпені жасанды желдету аппараты (ИВЛ) болды. Бүгінде медицина ұйымдарында 251 ИВЛ аппараты бар.

Одан бөлек, 686 оттегі концентраторы (индикатор – 586 дана), 8 компьютерлік томограф (индикатор – 8), 66 рентген (индикатор – 25) және 26 «High flow» аппаратымен қамтылған. Режимді түрде 6 оттегі шығару станциясы (оның 2-уі 2020 жылы көпбейінді облыстық және Қазыла ауданаралық ауруханаларында іске қосылды) жұмыс жасауда.

Коронавирус инфекциясына қарсы күреске маман тапшылығы жою үшін аймағымыз 84 жас маманмен толықты. Қажеттілігіне қарай қалалық мекемелерге

50-і, аудандық мекемелерге 34-і жолдан-аралығында облыста вакцинация қарсы шаралар кезінде мамандықтарына қарамастан, барлық медициналық қызметкерлері жұмылдырылып, науқастарға қызмет көрсетті. Облыста эпидемиологиялық ахуал тұрақталып келеді. Аткарылған жұмыстардың нәтижесінде аурудың таралуы бір деңгейде сақталуда. Аталған індетпен күреске облыстың медициналық ұйымдары толығымен дайын. Алдағы уақытта да жұмыстар жалғасын табатын болады, – деді Балжан Шаменова.

Індетті ауыздықтар бір ғана жол бар, ол – вакциналау. 1 ақпан-8 қараша аралығында облыста вакцинация 1-компонентімен егілгендер саны – 363 117, халықтың қамтылуы 83,1 процентті құрады, 2-компонентті 294 576 (67,9%) тұрғын салдырып. Қазіргі кезде облыс бойынша 20 медициналық мекемеде (қала бойынша 11, аудан бойынша 9) ету жұмыстары сағат 08.00 мен 18.00 аралығында үзіліссіз жүргізілуде.

Брифингте сондай-ақ, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов балаларға белен алған ауруларға байланысты атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

– Өздеріңізге белгілі, ауа райының тұрақсыздығына, күннің салқындауына байланысты желден-респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ), тұмау ауруларының таралуы күрт артып отырды. Тыныс алу аурулары күрт өскен жағдайда ауруханаларда негізгі емдеу орындарына қосымша төсек-орын саны ұлғайтылады. Соған сәйкес кешеден басы

тап көпбейінді облыстық балалар ауруханасы мен облыстық жұппалы аурулар ауруханасындағы төсек-орындардың толуына байланысты, қалалық босану орталығына 40 төсекке арналған орын өз жұмысын бастады. Ол жерде дәрі-дәрмекпен, мамандармен, кислородты концентратормен толық қамтамасыз етілген, яғни, аталған бөлімдерде балалардың денсаулығын жақсартуға жағдай жасалған. Төсек-орындарды ұлғайтып, көшіруде арнайы қолктер ұйымдастырылды. Мұның барлығы – халықтың қамы үшін жасалып жатқан шаралар, яғни, жағдайға байланысты әрекет ету – қалыпты жұмыс, – деді ол.

Мәліметтерге сүйенсек, биылғы 10 айда ЖРВИ, тұмау, пневмония аурушандығымен облыс бойынша 3327 бала емделіп шыққан, былтыр 2433 бала емделген. Қыркүйек айында жел-дел жәрдемге түскен 18 жасқа дейінгі балаларға шақыртулар саны 11475-ті құраса, қазанда бұл көрсеткіш 17105-ке жетті, шақырту саны 32,9 процентті құрап, ауруханаға тасымалдану 24 процентке артқан. Оның ішінде ЖРВИ диагнозымен шақыртулар саны 51 процентке көбейген. Аталған аурумен ауруханаға жатқызылғандар 54 процентке артқан. ЖРВИ-мен 5 жасқа дейінгі балалар арасында ауруханаға жатқызу қыркүйек айымен салыстырғанда 54,5 процентке өсіп отыр. Пневмониямен ауруханаға жатқызылғандар саны қазан айына 100 жасқа дейінгі балалар құрады.

Тұмаудың эпидемиологиялық жағдайына ауру деңгейін төмендету үшін жыл сайын жергілікті бюджеттен вакцинаға қаражат бөлінеді. 2021-2022 жылдардағы эпидемиология бөлінінен жылдар көлемі 70,9 млн теңгеден 78,6 млн теңгеге дейін көтеріліп, 80186 доза вакцина алынған. Облыс бойынша 82383 азамат егумен қамтылды.

● БРИФИНГ

Кейінгі күндері өңірде электр энергиясына байланысты шектеулер, яғни жарықтың сөніп қалу оқиғалары жиілен кетті. Осыған байланысты өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Жаңабас пен «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы АҚ басқарма төрағасы Мұхиджан Кәрімбаев мән-жайды түсіндіріп өтті.

Сп Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Жарықтың сөнуі неге жиіледі?

Облыс бойынша электр энергиясын тұтыну 170-175 МВт көлемінде. Оның 29 процентін өңірдегі «Қызылордажылудықортталығы» мекемесі, ал 6 процентін «СКЗ-У» ЖШС өндіреді. Ал қалған электр қуаты сырттан келетіні белгілі. Бұл – басқа өңірдегі электр энергиясын өндірушілерге тауелділігі деген сөз.

Қазір аудандардағы кешкі сағат 18 бен 20-ның аралығында жарықтың сөнуі өзге өңірден келетін электр қуатына байланысты болып отыр. Басты себеп – «Самұрық Энерго» акционерлік қоғамына қарасты Екібастұзғағы ГРЭС-1, ГРЭС-2 және «Мойнак» электр станцияларындағы энергия өндіру көлемінің төмендеуі. ҚР Бірыңғай энергетикалық жүйесінің Ұлттық операторы «KEGOC» АҚ мөлметінде отүстік аймақтарда электр тапшылығына қатысты уақытша шектеулер болатынын айтты.

Үшінші қарамадан бастап облыста «KEGOC» АҚ ОДЮ командасы бойынша энергия тұтынуға шектеулер енгізіліп жатыр. Оның себебі, отүстік өңірдегі қуаттың тапшылығы, өңіраралық транзиттік желілерден энергияның шамадан тыс жүктелуі болып тұр, – дейді басқарма басшысы Е. Жаңабас.

Ал Мұхиджан Кәрімбаевтың айтуынша, электр энергиясына деген тапшылық республика бойынша сезілуде. Қазір «Мойнак» су-электр станциясының бір бөлігінен ақау шығып, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Жақында Жамбыл облысындағы электр өндіретін «Жамбыл ГРЭС» АҚ станциясы қосымша бір блок қосуға дайындық үстінде. Бұл жұмыстар біткен соң жарыққа шектеу болмайды.

– Жарықты шектеу қобіне жылу энергиясын бермейтін жерлерде өтіп жатыр. Кешкі уақытта 1-2 сағаттан артық өшкен емес. Ауылдық жерлерде бір сағат ғана жарық сөндіріледі. Осы аптада Жамбылдағы станцияның бір блогы іске қосылса, барлық шектеулер алынады деген ойдамыз, – дейді М. Кәрімбаев.

Қазір жарықты өшіру Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш аудандарының елді мекендерінде көптеп байқалады. Сондай-ақ, Сырдария ауданына қарасты Инқардария, Ақжарма ауылдарында электр энергиясы уақытша ажыратылуда. Шилей мен Жанакорған аумағында да дәл осындай шектеулер бар.

Аудандардағы жарықтың сөнуі себебі жалғыз бұл емес. Кейбір әкімдіктің желідегі паракшасында жөндеу жұмыстарына байланысты да жарықты қажет уақытында сөндіретінге ұқсайды. Мысалы, Арал ауданы әкімдігінің Facebook паракшасында былай делінген: «Аудандық электр торабы мекемесі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты КТПН-10/0,4кВ 2, 3, 4, 5, 6, 7 қосалқы станцияларының бойындағы (бірінесе қосалқы тізілген) 09.11.2021 жылы сағат 9-бен 18 аралығында әр көшеде 1-1,5 сағат электр энергиясы болмайтындығын хабарлайды». Сондай-ақ, Жалағаш ауданы әкімдігінің паракшасында «02.11-05.11. күндері сағат 9-бен 18 аралығында 220/35/10кВ Жалағаш қосалқы станциясында Т1 қондырғысына жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты, Жалағаш кенті және Аксу елді мекенінде 10кВ аусе желілерінде ішінара электр энергиясынан шектеу болатынын хабарлайды» деген мәтінді де көзіміз шалып қалды. Тағы да жөндеу.

Айта кететін бір жайт, облыстағы электр бағаналары мен желілердің тозығы жеткен. «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы АҚ басқарма төрағасының сөзіне сенсек, барлық жабдықтардың 69 проценті ауыстыруды қажет етеді. Ал бұларды қайта жаңғыртуға тым көп қаржы қажет екені белгілі. Желі мен дауылы тынбайтын өңірдің энергетика саласындағы күрделі мәселенің бірі де, бірегейі де – осы.

Ақылды жол алдағы аптадан бастап енгізіледі

Басқарма өкілінің айтуынша, ақылды жолдар тарифі жеңіл көліктерге 1 шақырымға – 1 теңге, жүк көліктері мен автобустарға техникалық көлемдеріне байланысты 5 пен 25 теңге аралығында болады. Облыс аумағында автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 3397 шақырымды құрайды. Оның 1016 шақырымы республикалық, 557 шақырымы – облыстық, 1824 шақырымы – аудандық маңызды бар автомобиль жолдары.

«ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Шаярхан Мырзабайдың айтуынша, биыл облыс аумағынан өтетін республикалық маңызды бар ұзындығы 812 шақырымды құрайтын автомобиль жолы ақылды жүйеге ауыспақ. Онда автомобильаралық бақылау арқалары орнатылып, жүйені пайдаланушыларға көзмет көрсететін орталықтар ашылады. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджет есебінен ұзындығы 216 шақырым облыстық және аудандық маңызды бар автомобиль жолдары жөндеуден өткізілуде.

Ақылды жүйеге енгізілген автомобиль жолдарында «Анық» жүйесі қолданылады. Сондай-ақ, көлік тасқыны арқаларға бекітілген арнайы белдемдермен және жабдықтардың көмегімен бақыланады.

«СБ» ақпарат

Көлік иелері неге наразы?

ҚР ІІМ біздің елде сақтандырылған ресейлік нөмір таққан көліктерді көрші елдегі әріптестерімен бірге тексерді. Нәтижесінде 210 мың машинаның 88 мыңы Ресейде есептен алынғаны белгілі болды. Бұл туралы ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Серік Түсіпов айтқан болатын.

Аталған 88 мың көліктің бәрі – Ресейдегі көлік иесі сенімхат арқылы сақтан машиналар. Олар біраз уақыт өткен соң есептен шығарылған, себебі ешкім сатылған мүлік үшін салық төлегісі келмейді. Көліктер Ресей шекарасынан асып кеткендіктен, ескі нөмір және құжаттармен жүр. Ол көліктер Қазақстанда техбайқаудан өтпеген. Техникалық жағдайының қандай күйде екенін де ешкім білмейді. Сондықтан қазір профилактикалық түсінідурі жұмыстары жүрісіп жатыр. Егер көлік қажетті тіркеу процедурасынан өтсе, ешқандай проблема болмайды. Бәрін қолында көлікті Ресейден сатып алғаны растайтын құжат бар. Тек ХҚКО-ға барып, өз атына ресімдеу керек. Бірақ көбі өз атына қолысы келмейді.

Оған себеп – утиль алымының қымбаттауы. Ол бізде 400 мыңнан басталып, 6 миллионға дейін барады. Сарапшылардың айтуынша, дамыған елдерде утиль алымының бағасы әрі кетсе 100 теңгеден аспайды. Осыған орай әлеуметтік желіде #НеУтильсбору хэштегімен қарсылық петициясы жарияланған, оған 30 мыңнан астам адам қол қойған. Алайда кейін петиция жарияланған сайт бұғатталған, тиісінше қарсылық ұсынысы қолда табудың өзін былай қойғанда, билік тарапынан бұған еш реакция да болған жоқ.

Еш жерде тіркеуде жоқ көлік иесін 10 жұмыс күні ішінде машинаны тіркеуге

міндеттейтін «Жол жүрісі» туралы заңның 66-бабы, 2-бөлігі бұзылғанда, есепке алынбаған автомобиль анықтатқарға жіберіледі. Ал жүргізушінің атына Әкімшілік кодекстің 590-бабы, 2-бөлігінде сай хаттама толтырылып, 10 АЕК – 29 170 теңге айыппұл салынады.

Қоғалымына тыйым салынған автокөлікті айып тұрағынан машинаны сатып алу-сату шартын көрсетіп қайтарып алуға болады. Бірақ қайта рульге отыра алмайсыз, өйткені оны елде есепке қою қажет немесе Ресейге алып кету керек.

Ресейлік нөмір таққан машинаны ол көрші елде тіркеуі болса ғана пайдалануға рұқсат. Оған қоса, қолыңызда Ресей азаматы берген сенімхат, техникалық тексерістен өткенін растайтын құжат пен сақтандыру полисі болуға тиіс. Одан бөлек, «Жол жүрісі» туралы заң бойынша шетелдік иесі тіркеген техника біздің елде бір жылдан кем жүрсе ғана халықаралық қозғалысқа қатысушы саналады, сондықтан оны жыл сайын 30 тәулікке елден шығарып отыру қажет.

Аталған мәселеде көлік жүргізушілерінің наразылығы өзгінген түсінікті. Көрші елдегі көлік қожайыны оны сатқаннан кейін тіркеуден шығарып тастайды. Демек, ол транспорт ресейлік болып саналады. Сонда оны Қазақстанда тіркеуге қоя салуға не келдірі? Көп жағдайда утиль алымының өзі көліктің бағасында да асып түседі. Ал бұл – қарапайым халықтың қалтасы көтере бермейтін шығын.

Был заңның жұмыс істеуін қалағалуды қатаңдата түсе ме, болмаса сол заңды өзгертіп, ресейлік көлікпен еркін, алаңсыз жүруге мүмкіндік бере ме, әзірге белгісіз. Не десек те, ақсылың бара жатқан бұл мәселені шешудің жолы қарастырылуы керек.

1-бет

1-бет

ТӘУЕЛСІЗДІК: 2001-2002 жылдар

Осыны ескерген Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Отүстік Торғай ініндегі иесіне газды игеру жөніндегі барлық мұнай өндірушілердің әрқайсысына жеке жауапкершілігі туралы шешім қабылдады. Шешім сөнін қозғалуына түрткі болды. Өндірілген электр қуаты «Харрикейн» компаниясының өз қажеттілігіне жемқұлды. Қалғаны Қызылорда тұтынушыларына сатылды. Құны жыл орталығы өндіріп отырған электр қуатынан едәуір арзан болды. Электр қуатын өндіру мұнай кәсіпшілігінің өнімді жұмысын қамтамасыз еткен еді. Себебі ол бұрынғыдай іркілесе жол бермейді. Сонымен қатар «Күмкөк» кенініндегі барлық иесіне газ қорын ігілікке жарату мүмкіндіктері де жан-жақты зерттелді.

«Харрикейннің» президенті Томас Марло жобаның едәуір артықшылықтары бар екенін мәлімдеді. Біріншіден, аймақтық электр қуатына деген қажеттілігі біршама өтеліп, жергілікті халықты жұмысқа тартуға қол ашылды. Екіншіден, босқа жанып жатқан газдың ауаны бұлдыру зардабы түпкілікті жойылды. Жобаны жасау барысында Қазақтың энергия өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының, басқа да мемлекеттік құрылымдардың сарапта-малары жан-жақты ескерілді.

Бұл орайда Отүстік Торғай ініндегі мұнай өндірушілердің газды ігілікке жарату жөніндегі жарасымды

бөсекелестігі тууы мүмкін деген бол-жамдар да айтылды. Атап айтқанда, «Харрикейн» Хайдрокэрбон» ком-паниясы Қызылорда қаласына дейін газ құбырының құрылысын жүргізу мәселесін жан-жақты зерттеуге ниет білдірді. Компанияның «Торғай-Петролеум» және «КазГэрМұнай» бірік-кен кәсіпорындарының 50 процент ак-циясын иеленгенін ескерсек, жергілікті халықтың мүддесі үшін көптеген мәселе шешімін тапты. Зерттеулерге қарағанда жоғарыда аталған екі біріккен кәсіпорының өндірген газы Қызылорда қаласының қажеттілігін толық өтеуге жетіп-артылады.

«Харрикейн» Қызылордаға дейін тар-тылатын газ құбыры құрылысын салудың экономикалық мақсаттылығына талдау жасауды ішінара қаржыландырды. «Сыр бойы» газетінде 2001-2002 жыл-дары осы тақырыпта көптеген мақала жа-рияланды. Ізгілікті іс-шараны алғашқы бастамасы үлкен үмітке жетелейді. Жос-парын жүйе кезінде барлық іліктің рахатын көрген еліміздің отүстіктегі тұтынушылары қазір газ бен электр қуаты тапшылығын қатты сезінуде. Үкімет тарапынан қолдауға ие болған Жамбыл облысындағы «Аманкелді» газ кенішін игергенін өзінде ол осы өңірдегі қажеттіліктің 30 процентін ғана қамтамасыз ететін көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда «Күмкөк» кенішінде бастау алғалы отырған ақымды шараны аймақтың даму тарихындағы орасан зор оқиға екенін атап өтуге тиіспіз» делінген солардың бірінде.

2001-2002 жылдары облыс егіншілері су тапшылығын едәуір сезді. Көрші республикалардың таулы өңіріндегі қар мен мұз қоры тапшы болып, бұл Қызылорда және Отүстік Қазақстан өгіншілері тығарықсыз тіреді.

Сол жылдары «Тоқтағұлдар» су көлемі оның жобалық сыйымдылығының тек жарымында болды. 2000 жылы Қазақстанның отүстік өңіріне жет-пейтін су «Тоқтағұлдың» есебінен төгер-тірылған. Қыргыз ағайындар да «Егер был бұл жағдай қайталанып болса, қоймағалы су элект

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті азаттықтың алғашқы жылдары орын алған қиындықтар мен сынақтарға байланысты пайда болған қауіп-қатерлерге қарсы тұрды. Бұл іске қауіпсіздік органдарының қазіргі ардагерлері де белсенді араласты. Расын айтқанда, өтпелі кезеңде елінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету оларға оңай болған жоқ. Ардагерлер негізінен өмірінің басым бөлігін кеңестер билеген заманда өткізген болатын. Олар социализм жүйесіне адал қызмет етіп, анттына берік, таза коммунист және сенімді чекист болды.

Сондықтан да, М.Горбачевтің «жаңаша ойлау» идеясын қабылдау қиынға соқты. Кремльде отырған партия басшыларының «Бетбұрыс» және «Жариялылық» саясатына белгілі бір күмәнмен қарады. Қауіпсіздік органдарының қатан бақылауында болған дисидент-жазушылар бас көтере бастады. Кеңес Одағының «серый кардиналы» атанған А.Суслов «шығармалары 300 жылдан кейін жарық көреді» деген жазушылардың, яғни В.Гроссманьның «Жизнь и судьба», В.Дудинцевтің «Белые одежды», Б.Пастернактың «Доктор Живаго» және басқаларының бұрын тыйым салынған кітаптары жарыққа шықты. Бұл елдегі саяси-қоғамдық жағдайға қатты әсер етті.

Халық басылар жарияланған жаңа саясатқа сеніп, билікке наразылығын ашық айта бастады. Кешікпей Алматы қаласында қазақ жастары алаңға шықты. Жастар негізінен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешіміне наразылық білдірген еді. Қазақ халқының тарихында «Желтоқсан оқиғасы» деген атпен қалған бұл құбылыс билікті қатты састырды. Олар бар кінәні Қазақстандағы қауіпсіздік органдарына ауларғысы келді. КСРО МҚК (КГБ СССР) Қазақстанның барлық облыстарына уәкілдерін жіберіп, оларға жергілікті қауіпсіздік органдарына «ұлтшылдық» қаншалықты терен бойлап енгенін анықтауды міндеттеді.

Осындай уәкіл Қызылорда облысына да келді. Мәскеудің қонақ басқарма қызметкерлерімен жеке-жеке әңгімелесті. «Желтоқсан оқиғасын қалай бағалауға болады? Бұл жастардың ұлтшылдық бағыттағы бас көтеруі ме? Осындай жағдайлар облыста орын алды ма? Бұл мәселеге жергілікті тұрғындардың көзқарасы қандай?» деген сияқты көптеген сұрақ қойды. Қызметкерлердің басым көпшілігі: «Жастарды алаңға шығарған «ұлтшылдық» емес, намыс!» деп жауап қайтарды. Басқарма бастығы М.Нуров қызметкерлердің берген жауаптарын қанағат етті. Бірақ: «Ваш ответ слишком категоричный. Надо было иначе ответить. Может быть с нейтральной позиции. А теперь неизвестно какие выводы сделает представитель центра» деп, ескерту жасады.

Нуровтың әкесі қазақ, анасы орыс екен. Әкесі соғыста қайтыс болғаннан кейін, анасы оны өзімен бірге Ресейге алып кеткен. Суворовшылар мектебін бітіріп біршама уақыт Ресейдің әскери қарсы барлау (Особый отдел КГБ СССР - Б.Ө.) органдарында жұмыс істеген. Кейін шамасы қаны тарқан болуы керек, басылардың ұсынысымен бар ықыласымен қабылданып, өз еркімен Қазақстанға келген. Алғашқы қадамын Қостанай облысының Мемлекет қауіпсіздік комитетінің басқарма (қазір департамент - Ә.Б.) бастығының бірінші орынбасары қызметінен бастаған. Кейін Қызылорда облысына ауысқан. Келген бойда өзінің заманға лайық, оперативтік ой-өрісі кең басымы екенін көрсетті. Қол астындағы қызметкерлер мен зейнеткерлерге және олардың отбасына көп көңіл бөлді. Қолынан келгенінше тұрмыстарын жақсартуға тырысты.

Мекеме ауласынан «Военторг» дүкені ашылып, бұрын болмаған монша салынып, пайдалануға берілді. Апта сайын қызметкерлер бала-шағасымен мекеме ішіндегі кинозалда жаңа кинофильмдер көретін. Бұл - елімізде кинотеатрлардың жаппай жұмыс жатқан кезі. Басқармада кітапхана ашылып, қызметкерлердің білімі, ой-өрісі кеңейді. Мереке күндері қызметкерлердің өз күшімен ойын-сауық кештері өткізіліп, басқарманың ішкі өмірі айтарлықтай өзгерді. Сонымен қатар, Нуров



ҰҚК: ТӘУЕЛСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДА

Биыл егемендік алып, тәуелсіз ел болғанмызға 30 жыл толады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрін қымбат» атты мақаласында: «Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл - көзді ашып-жұмғандай қас қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындыққа мен қуанышты, дағдарысы мен дамуды алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз», - деп. Расында, тарихи өлшем бойынша қысқа мерзім ішінде жаңа Қазақстанның іргетасы қаланып, мерейлі мемлекетке айналды. Осы жетістіктерге жетуде еліміздің қауіпсіздік органдарының да айтарлықтай үлесі бар.

қазақ тілі үйірмесін ашып, бірінші болып оған өзі қатысты. Осындай шаралардың арқасында басқарманың негізгі жұмысы да алға басып, республика бойынша алдыңғы қатардан көріне бастады. Өкінішке қарай, Нуров Қызылорда облысында ұзақ жұмыс істеген жоқ. Белгісіз себептермен Қостанайға қайта жіберілді. Кешікпей генерал-майор атағын алды. 1991 жылғы Тамыз бұлгі (ГКЧП) кезінде болған оқиғаға «мемлекеттік төңкеріс» деп баға берген қауіпсіздік органдарының жалғыз басысы. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Уткиннің заңсыз берген тапсырмасын орындаудан бас тартып (бұрын-соңды болмаған оқиға), мерзімінен бұрын отставкаға шықты. Көп ұзамай қайтыс болды. Басқарма ғимаратына Мұрат Нуровқа арналған мемориалдық тақта орнатылды. Онда Ресейдегі әскери қызметін ескеріп: «В этом доме с 1981 по 2001 годы жил первый руководитель ДКНБ РК по Костанайской области, внесший значительный вклад в обеспечение ядерной безопасности Советского Союза», деп жазылған. Нуров облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитеті басқармасын басқарған соңғы Кеңес генералы болатын.

Ардагерлер «Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет» (ГКЧП) бүлігінде бастан кешті. Сол күнді КСРО МҚК-нің төрағасы В.Крючков қысқа хат жолдап (шифртелеграмма), қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне екі мөлшердегі еңбекақы алуға рұқсат берді. Бұл, әрине, қызметкерлерді өзше қаратып алу үшін жасалған қадам болатын. Алайда, қызылордалық чекистер сатылмады, ұсынылған еңбекақыдан бас тартты. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қауіпсіздік органдары қатты сынаға алынғаны белгілі. Баспа беттерінде органды қарағанда материалдар күнделікті жарияланып жатты. Мәскеуде билікке келген либералдық элита уәкілдері оны мүлде тартқысы келді. Өкінішіне қарай, осындай ұсыныстар Мемлекет басшысы Н.Назарбаевқа да түскен болатын. Алайда, Елбасы ондай қадамға бармады.

Айта кету керек, Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары елімізде 100-ден аса саясиландырылған және 300-ге жуық түрлі бағыт таңаған бейресми ұйымдар мен қоғамдастық пайда болды. Олар күнде митинг пен ереуіл ұйымдастырып, биліктің мазасын алып жатты. Солардың қатарында үлт өзгелігін және жер дербестігін талап еткен ұлт уәкілдері болды. Сонымен қатар, ұйымдасқан қылмыстар, кісі өлтіру, тонау, сиртікті және қару-жарақ сату сияқты қылмыстар көбейіп кетті. Кеңінен тараған сыбайлас жемқорлық та билікке қарсы қозғалысқа түрткі болды. Тіпті, республика дефолтқа ұшырайды деген қауіп те болған еді.

Қызылорда аймағында биліктің іс-әрекетіне наразылық білдірген митингдер Сексеуіл станицясынан бастау алды. Қоғам қайраткері Сағат Жүсіп «Әділетқисса» атты

кітабында былай дейді: «Сексеуіл азаматтарының белсенділігінің күшті болғаны сонша, олардың наразылық акциялары күн санап үдей бастады. Кез келген уақытта ереуілге, шеруге мыңдаған сексеуілдер дайын тұрды. Олардың белсенділігі бүкіл ауданға, облысқа тарап, үлгі бола бастады...» Осындай жағдайда облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басқарма бастығы полковник М.Дауенов облыстық «Азат» қозғалысының төңкерісшілерінің бірі С.Жүсіпке кездескен көрінеді. Аталған кітапта былай делінген: «Әлі есімде, осы күндердің бірінде кабинетіме Қызылорда облыстық комитетінің бастығы Михаил Юсуповты Дауенов келді. Екеуіміз бір сағаттай бетпе-бет әңгімелестік. Дауенов мырза менің сексеуілдердің шектен шығып бара жатқан «еркінуші» мен «жабайы» демократиялық іс-әрекеттеріне тыйым салудымызды, араласпай тоқтатуымызды талап етті. Бұл жерде айтапмын - Михаил Дауенов мырза бастаған комитетшілердің әуелгі кезде «Азатпен» (басқа пікірдегілермен) күресін өркендетіп әдістермен бастағанының куәсі болғанымыз жайлы. Ең басты - олардың арасында сол кездегі саяси-қоғамдық процестерді түсінуге тырысқан, заман талабына сәйкес жаңа көзқарастарға дайын адамдардың да болғандығы. Құдіреті күшті комитет басымысының бейресми ұйымның жетекшісіне өзі келіп сөйлесіп, мәселелердің алдын алуға, саяси процестерді шиеленістірмей шешуге дайындығын бүгінгі комитетшілерге де үлгі болар еді. Тоталитарлық жүйе тәрбиелеген адамдардың ішінде де сол кездегі шиеленісті жағдайларды коммунистік емес әдіспен шешуге жол іздейтін, өзек ойлы жігіттердің де болғанын куәгерімін дегім келеді».

Расында, Дауенов облыстағы қоғамдық және саяси өмірге белсенді араласты. Мемлекет және қоғам қайраткері, бұрынғы облыс бастығы Сейітбек Шаухаманов естеліктерінің бірінде былай дейді: «1990-1992 жылдары аралығында ҰҚК-нің Қызылорда облысы және Ленинск (қазір Байқоңыр қаласы - Ә.Б.) бойынша басқармасын Дауенов Михаил Юсупович басқарды. Өзі Ресейде, Астрахань облысында туып-өскен. Бірақ қазақ мектебінде оқып, қазақты тәрбие алған. Қазақ және орыс тілін жаксы меңгерген. Облысқа келісімен елдің ақсақалдарына сәлем беріп, батасын алды. Сол кездегі МҚК жүктеген міндетті де, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласып, барлығына да үлгеріп жүрді. Тіпті, сол астындағы қызметкерлерін Мұстафа Шоқай атына апарып, шопандарға тұрғын үйлер тұрғызып, мал қораларын жөндеуден өткізіп, телефон байланысын жүйеге келтіріп берді. Ал, қазіргі арнайы кызмет, прокуратура мен ішкі істер басылары бірыңғай заң қуалап кеткен сияқты. Бағыялдай, шаруашылыққа араласа бермейді...».

Өңгіме болып отырған жылдары республикалық бюджеттің тапшылығына байланысты, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен облыстағы басқармалар жеткіліксіз қаржыландырылып отырды. Уақытша қиындыққа алға тартып, қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін шыдамдылыққа шақырды. ҚР ҰҚК-нің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша басқармасы қаржы табудың жолын іздегісімен, ауылдық жерлерде С.Шаухаманов айтқандай, қызметкерлердің күшімен бақташы мен шопандарға тұрғын үйлер салды. Мал қораларына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді, көкөніс сақтайтын қоймалар салды. Телефон байланысын ретке келтіріп, кейбір үйлерге телефон орнатты. Соның арқасында шаруашылықтар Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін жыл сайын қартоп, сөбіз және басқа өнімдермен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды. Тіпті, жергілікті қауіпсіздік органдарына көсіпкерлікпен айналысуға рұқсат берілді. Әрине, басылардың бұл қадамы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне абырой бермейтін еді. Кешікпей асығыс қабылданған шешім күшін жойды. Ессіне басқарма ауласынан «Военторг» дүкені ашылып, қызметкерлер азық-түлікпен толық қамтамасыз етілді.

Сол жылдары қамаудан қашқан бір топ аса қауіпті қылмыскерлер «Қызылорда-Шиели» тас жолында жолаушылар автобусын басып алып, адамдарды босату үшін орындамайтын шарттар қойған еді. Дауенов «Дабыл» операциясы шеңберінде бір тәулік бойы қылмыскерлермен келісім жүргізіп, оларды оңалтудың іс-әрекеттеріне барғызбай, шыдамдылыққа шақырып, беттерін қайтарып отырды. Нәтижесінде, ҰҚК-нің арнайы «А» тобы кепілдікке алынған адамдарды босатты. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жүргізген теңдесі жоқ бұл операциясы басқа елдердің арнайы қызметіне үлгі болды.

Көп ұзамай Дауенов Қостанайға ауысып, орнына қызылордалық Әблат Бапалаков тағайындалды. Ә.Бапалаков Қызылорда облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы еді. Облыстық партия комитетінің ұсынысымен Ф.Джержинский атындағы КГБ Жоғарғы мектебінің тыңдаушысы болып қабылданды. 1979-1990 жылдар аралығында Целиноград және Қызылорда облыстарында қауіпсіздік органдары басқармасының бөлім бастығы болып жұмыс істеді. 1990 жылы КГБ-нің Орал облысы бойынша басқарма бастығының кадр жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1992 жылы Қызылорда облысы бойынша КГБ-нің басқарма бастығы болды. Бапалаков өзіне жүктелген міндетін абыроймен атқарды. Белгісіз себептермен қызметінен босатылып, орнына Орал облысында басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарып жүрген, қызылордалық полковник Нұрахмет Ералиев келді. Атақ, абыройы бар, республикаға белгілі чекист. Барлау, қарсы барлау қызметінің қыр-сырын жетік меңгерген маман. Қызылорда облысында Ауғанстан арнайы қызметінің резиденті қолға түсіріп, ҰҚК-нің басыларының жоғары баға да алған. Сондай-ақ, Ералиев қызметкерлердің мәдениетін қалыптастыру мақсатында Қазақстанның халық жазушысы Ә.Нұрпейісов, айтыскер ақын Е.Әбдіхалықов және басқа өнер адамдарымен көптеген кездесулер өткізді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері, бүгінгі ардагерлер, осылай еліне адал қызмет етіп, Қазақстан халқымен бірге бүгінгі жетістіктерге қол жеткізді. Қазір ҰҚК-нің құрметті ардагерлері Бапалаков пен Ералиев жас қызметкерлермен кездесіп, жинаған тәжірибелерін бөлісіп тұрады. Осылай ардагерлер мен жас қызметкерлер арасында ұрпақтар сабақтастығының дәстүрлі жолы қалыптасып келеді.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті тәуелсіздік алған жылдары еңбек жолын Сыр елінде бастап, айтарлықтай жетістікке жеткен қызметкерлерін мақтаншы етеді. Солардың қатарында, ҚР Қорғаныс министрінің қарасты Бас барлау басқармасының (ГРУ-Главное разведывательное управление - Ә.Б.) бұрынғы бастығы, қазір Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының аппараты бастығы генерал-лейтенант Олег Бижанов, Астана мен Маңғыстау облысы бойынша ҰҚК-нің басқарма бастығы болған, бүгінде Мәжіліс депутаты, генерал-майор Ерлік Тайжанов, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов және басқалары бар. Олардың өмір және еңбек жолы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жас буын өкілдеріне үлгі болатыны сөзсіз.

Өмірхан БӘКІРҰЛЫ, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті ардагері, отставкадағы полковник



Науша батырдың ерлігі

Әубәкір азғана уақыт үнсіз отырады да ақыры: - Науша аға! Сіздің батыр ата-ғайыңыңз Жайықтың екі бетіндегі қандастарға түгел мәні. Мына жиналған қауым әңгіменізді тыңдағысы келеді. Қалай батыр атандыңыз? Соны айтсаңыз екен, - дейді. Науша батыр көп кідірместен: - Оның несің сұрайсыңдар, біздің заманымыз өтті. Ал бір кезде менің атым шықты деп келсе соғу тындап отырған сендерге де сыйымсыз, айтам деген маған да сәнісіз. Жас, шағында тасты бұзасың, тауды жарасың. Мен де адалап жанғанмын, атылып, тасығанмын. Сол кездегі бір оқиғаны айтып берейін, - деп. «Бір жылдары қорша ауылдың көлінде жылан пайда болып, тұрғындар тым-тырақай көше бастапты. Біразы маған келіп: - Бауырым, батырсың ғой, көмек бер. Қарап отырып қара жыланға жем боламыз ба? - деп. Менің бұрын-соңды жылан өлтіріп атым шықпаған еді. - Қане, сол пәлелерің қайда

Бүкіл Батыс Қазақстанға әйгілі Науша батыр ағайындарын аралап жүріп, туысы Әубәкір Ақбайұлының үйіне келеді. Ол кезде Әубәкір жай старшина да, Науша сексенге келген ақсақал екен. Ауылдың бар игі жасқалары шақырылып, батырға қонақасы беріледі. Жиналған жұрт батырдың әңгімесін тыңдағысы келіп, үй несің қолқалайды.

жатыр? Көрсетіңдерші, - деуім мүд екен, қасиета жүретілеу бір жігітті қосып берді де, жөн сілтеп қала берді. Өлгі жігіт көл жағасына дейін жетті де: - Осы көлдің ортасына таман жақындағанда өзі қоронды. Атыңызды маған қалдырып, жүре беріңіз, - дегені. Мен не дейін, айтқанын істеп, қолымдағы балтамы ұстап, ілгері бастым. Сәлден кейін алдымнан күнге шағылысып, жарқылдаған жылан жоңы көрінді. Басын көтеріп, шегір көзін қадады. Мен оған қарадым. Жанары суық. Жүзі өте қорқынышты екен. Бірақ алған беттен қайтпай, қарымды оңтайлады. Жақындаған сәтте жыланның адам қорқатын ысылық саябырсып, мананы отай жанған шегір көзі солғын тартты. Осы сәтте аяғымды ілгері басып, басы осы тұс болар деп таракты балтамы сілтеп кеп қалдым. Бас үзіліп түсті. Бірақ аса бір шапшаңдықпен аунап түсіп, құйрығын ерекше өрнектетіп, көлдің суын қақ айыра ұрды. «Жыланның күші құйрығында» деуші еді. Абырой болғанда, онысы маған дарымады.

Тұрғындардың тыныштығын алған жыланның ажалы жетті. Тезрек теріс айналып, жағадан қалған жолдасыма қарай жүрдім. Ол қос атын шылбырын ұстаған күйі болған іске сенер-сенбесін білмей тұр. - Ауылды айлап бойы әлекке салып, бір қауға суға зар қылған аждаһа өлді. Барып көресің бе? - дедім. Ол: - Көрмегенім жылан болсын, атамыңыз, - деп шошыды. - Ендеше еліңе сәлем айт, - деп атыма міндім. - Ауылға жүріп, ақсақалдардың алғысын аласаңызшы, - деді. Мен ризашылығымды білдірдім. Кейіннен рас-өтірігін білмедім, әлгі қорша ауылдың адамдары «сол жыланның тілінің астында алтын бар екен, оны сол маңдағы қазақ-орыстар қағып алыпты» деп айтып жүрді. Ал маған уастан алтын емес, халқымыз алғысы керек еді. Аман-есен осында жасқа жетіп отырғаным, халықтың алғысының шапағаты болар» деп Науша батыр әңгімесін аяқтады.

Айбол БИТУҒАНОВ

Хабарландыру

«Аншылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурстық қағидаларын және конкурстық қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 19.03.2015ж. № 18-04/245 бұйрығының 2-тармағы 12-тармағы 3) тармақшасы жөнінде хабарландырудың 01.11.2021ж. «Мемлекеттік мүлік тізімі E-QAZYNA.KZ» активтерді басқарудың цифрлық платформасында (www.gosrest.kz) жарияланғандығы хабарлаймыз. Конкурс 17.11.2021ж. сағат 10:00-де өткізіледі. Конкурс талаптары «Аншылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурстық қағидаларын және конкурстық қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 19.03.2015ж. № 18-04/245 бұйрығының 2-тармағы 12-тармағы 3) тармақшасында: «Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі. Конкурсқа шығарылған резервтегі жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізімі

Table with 6 columns: №, Су айдындарының және (немесе) учаскелерінің атауы, Физикалық сипаттамасы, Пайдалану мақсаты, Орналасқан жері, Бекітіп беру мерзімі. Rows include Райым, Суықкөл, Жетікөл, Қараөзек №2 уч., Қарақол, Қалғандария, Ханқожа, Қамыстықяқ.

Конкурстық өткізу тәртібі бойынша веб-порталда алдын ала тіркелу қажет: жеке тұлғалар үшін: - жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса); заңды тұлғалар үшін: - бизнес-сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, бірінші басылының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса); кепілдік жарнаны кәсіпкер үшін екінші деңгейдегі банкеті есеп айырысу шотының деректемелері; байланыс деректері (пошталық мекен-жайы, телефон, факс, e-mail). Ескерте: Қызылорда облысы көлемінде орналасқан резервтегі жергілікті балық шаруашылығына маңызы бар су айдындарына конкурс өткізу туралы хабарландырулар «Мемлекеттік мүлік тізімі E-QAZYNA.KZ» активтерді басқарудың цифрлық платформасында (www.gosrest.kz) жарияланып отырғанын білдіреді.

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы», телефон: 8 (7242) 23-19-66

Хабарландыру

Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 38-бабының 5-тармақшасына және «Ауызсуымен жабдықтаудың баламасыз кездері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемекі мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы №470 бұйрығына және субсидиялау қағидаларының 13-тармағына сәйкес, бюджеттен субсидиялар І адамға айына 4,3 м мөлшерінде ғана төленіп, нормадан асқан су көлеміне тұтынуды толық тарифпен төлейді. 140 л x 365 күн = 51 100 л жылына 1 адамға 51 100л:12 айға = 4258л 1 айға орта есеппен 4258 л:1000=4,3 м шамамен айына 1 адамға Нормадан асқан жағдайда «Нұра топтық су құбыры» ШЖК РМК «Арал» СЖКБД филиалына қарасты «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бірлішінісіне тұтынуды 1 м үшін ауызсуға ҚКС қоса есептегенде 364,63 теңге төлейді. «Нұра топтық су құбыры» ШЖК РМК «Арал» СЖКБД филиалы (БСК 19104102773 24.10.2019 ж.)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Бақұл бол, ардақты ұстаз



Осы жылдың 7 қарашасында Сыр өңіріне белгілі тарихшы-ұстаз, Қызылорда медициналық жоғары колледжін ардагері Ахметулла Шарапатовты өмірден озып кеткенін хабарлауға мәңгі қоғамдық қайғыға ұшырағанын білгеніміз. Ахметулла Шарапатов 1949 жылғы 5 ақпанда Арал ауданының Бөген ауылдық кесенесі қарасты Қараошақ болмашесінде дүниеге келген. 1977 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «Тарих және қоғамдық пәндер оқушысы» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Қызылорда медициналық училищесінде тарих пәнінен оқытуды бастаған.

Еңбек жолында үнемі ізденіп не тапшапшылығын арқасында осы колледжінде оқу-тәрбие ісін аяқ жылжуына өлшеусіз үлес қосты. Тарих пәнінен еліміздің жанашыл педагогтарының тәжірибесін енгізіп, өмірмен байланыстырып дәріс бергені бұл күнде талай тұлғектің көкейіне. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақ тарихы пәніне артылар міндет ат болмады. Осы аумалы-төкпелі тұста Ахметулла Шарапатовты өңірдегі барлық оқу орындары оқытушылармен тығыз байланыста болып, Қазақстан тарихын жаңа мазмұнда оқытулар бойынша біліктілігін арттырды. 1991 жылы Алматы дәрігерлер училищесінде «Қоғамдық ғылым негіздері» пәнінен республикалық деңгейдегі ашық сабақ өткізіп «үздік» деген баға алды.

Ахметулла Шарапатовты Қызылорда медициналық жоғары колледжінде 40 жылға жуық абыройлы еңбек етіп құрметті зейнет демалысына шықты. Атықарған есені елге елестік қаламай, «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин» тосбелгілерімен, ҚР Білім және Ғылым министрінің, облыстық балық басқармаларының Құрмет грамоталарымен, Алматы қатарымен марапатталды. Қызылорда медициналық жоғары колледжін ұжымы марқұм Ахметулла Шарапатовтың өмірден озына байланысты заибы Несібелі Баймекенбаева және отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосып білдірді. Ұлағаты ұстаз, ауылу жар, ардақты еке Ахметулла Шарапатовтың жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталды. Қызылорда медициналық жоғары колледж ұжымы

Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұжымы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі медицина саласының ардагері Шарапатов Ахметулла Шарапатовтың қайтыс болуына байланысты марқұмын отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Ұлттық қауіпсіздік комитеті «Мемлекеттік шекара» кітабын шығарды.

Кітап өзінің қалтқысыз қызметі арқылы мемлекеттік шекараны күзету ісіне өлшеусіз үлес қосқан жасыл күнкағарлы жауынгерлерге арналады. «Мемлекеттік шекара» кітабындағы әңгімелер мен очерктер қатарына тәуелсіз Қазақстанның

Шекара қызметінің даңқты шежіресіндегі айтулы деген оқиғалар енді.

Біз бүгін осы кітаптан «Қаскөймен бетпе-бет» атты шығарманы ұсынып отырмыз.



Қаскөймен бетпе-бет

Әйелдің көк желкесіне тақалған тапанша әне-міне дегенше атылатын секілді. Жанын шүберекке түйген ол карулы адамның алдында еріксіз деді деп келеді. Ашулы ер адам ту сыртынан тапаншаның құндағымен нұқпын-нұқып қояды. Қалтыраған бейбақтың қорқыныштан соққан жүрегі сыртқа шығып кетердей тартылады.

Еріксіз «серік» болған екеуді шекарашылардың назарға алғанына біраз уақыт өтті. Таң атысымен ауыл шетінің итерін шулатқан олар шекара нарядына қарай беттеді. Жол бойындағы көк орайды жағалай топтан құстар пыр-пыр етіп тон-тобымен ұшула.

«Барлау» шекара нарядына шыққан Мәди мен Евгенийдің учаскесі – Қырғызстан Республикасымен арадағы шекараның бойы. Екі елдің арасын Шу өзені ғана бөліп тұр. Шекара шебіне тиіп тұрған қырғыз ауылынан шыққан әр дыбысты анық естуге болады. Бозара атқан жаңа күннің шуағынан төңіректің бәрі көріне бастаған кез. Шекараның арғы жағынан зансыз өткендер жасырынған шекарашылардың дәл қасына келіп қалды...

Евгенийдің әскер қатарына қабылданғанына көп болмаған. Жауынгерлік жазықпенді шекара күзетіне шыққан наряды сәуаскени сандары. Дегенмен әскери қызметтегі жетекшісі аға сержант Мәди Айдәболовтан көп нәрсені үйреніп үлгерді. Шекара шебіне аттанған сайын бірнеше шақырымға жаяу жүруге бейімделіп қалды. Көп жылдық тәжірибесі бар ағаларының айтқан кеңесін санағына құйып алуға тырысады. Шекара бұзушысын тұзаққа кезіндегі орын алатын тұрпат оқиғаны да көп естіген.

Міне, бүгін осындай шекара бұзушылар бұлардың жасырынған жеріне жақындап қалды. «Не де болса аға шекара нарядының пәрмені бойынша әрекетке көшеміз», – деп іштей күтіп жатыр. Сол-ақ екен аға сержант М.Айдәболов қаруын кезгеннен күйі келе жатқандардың алдын кес-кестеп тұра қалды.

– Токта! Атамын! – деді бұйрып. Өздерінен басқа біреудің бар екені ояларына да кірмеген шекара бұзушылар бір орында қатып қалды. Екін жинап үлгерген ер адам қаруын енді шекарашыға қарай бұрды. Түрі сұқты. Ата салудан тайынбайтын секілді. Сұқ саусағын шүріппеге тақалды. Бетін екі қолымен басқан «серігі» жерге құлай кетті.

– Атыңдар оны! Әйтпесе ол қазір бөрімізді өлтіреді, – деді жылдамсырап. Ашаға бұлыққан шекара бұзушының көздері қанталап кетті. Шекарашыға кезеңген тапаншаны енді жер бауырлап құлаған әйелге қаратты. Осы сәтті пайдаланған Мәди секірген бойы автоматтың дүмбін қаруын соғып үлгерді. Тапаншаның берілуден басқа амалы қалмады.

Шекара бөлімшесіне қолға түскен адамдар туралы хабар берілді. Ер адам көк шөптің үстінде жатыр. Қолдары артына қайырылып байланған. Үн-түнсіз. Жықын жерде жылап тұр. Әскери ұжымның жіберген көлігі де көп күттірмеген. «Дабил» тобы шекара бұзушының орынын көтерді. Берілген бұйрыққа үндемей ғана көңгеннен басқа амалы қалмаған ол көрсеткен бағытқа қарай жүре берді. Шекара шебінде қолға бірге түскен серігі де шекарашылармен бірге кетті.

Ал шекара нарядында жүрген Мәди мен Евгений болса жауынгерлік қызметтерін одан әрі жалғастыру үшін қаруларын арқаларына ілді. Шекара сыйзығын бойлап жүріп кетті. Көлік терезесінен тәуірме қараған әйел жанарын бұлардың кеткен ізін алмай кете барды. Жолына шекарашылар кездеспелі оның тағдыры қалай болатын еді?! Қымыскердің маңдайына тақалған тапаншасы атылмай, аман қалғаны үшін шүкір етеді.

Аға сержант Мәди Айдәболовтың шапшаң қимылының арқасында жауынгерлік оқтың біреуі де атылмады. Дін аман қалғаны үшін шекарашылардың қызметіне іштей риза болды. Шекара шебін күзеткен қырағы қызметтеріне жеміс тіледі. Кейін қымыскердің Қырғызстан азаматын кепілге алғаны белгілі болды. Әйелдің күйеуі оған қоматқы ақша қарыз болған көрінеді. Қарызын қайтара алмаған қырғыз азаматы оның зайыбын кепілге алып, өзімен бірге шекарадан күшпен өткізген. Қымыскер борышкер ақшаны әкеліп берген кезде әйелін қайтармақшы болған.

Шекара қызметінің басшылығы қайсар жауынгердің ерігін жоғары бағалады. Жыл қорытындысында аға сержант М.Айдәболов 2001 жылдың үздік шекарашысы атанды.

Жас оқырман жадындағы қаламгер

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде белгілі журналист, жазушы, ақын Қазі Данабаевтың 70 жылдығына арналған «Рухани болмысты жаңғырту – ұрпақ ұлағаты» тақырыбында дәстүрлі ділмар-шешендер байқауы өтті.

Сb Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Шараны қалалық мәдениет бөлімінің басшысы Мұхтар Ниязов ашып, қаламгер шығармашылығына арналған облыстық байқаудың мақсатына кеңірек тоқталды.

– Қазіргі күні ақпараттың ағымы кен, көркем әдебиеттің қоры мол. Әйтсе де оқығанын ойымен байытып, жүйелі әңгіме айта алатын жастар жеткілік қасы. Сол себепті сөз қадірін білетін ұстаздардың бастамасымен екі-үш жыл көлемінде мектеп оқушылары арасында дилмар-шешендер байқауы өткізіліп келеді.

Бүгінгі шара казак еліне есімі белгілі қаламгер, жазушы, ақын Қазі Данабаевтың шығармашылығына арналды. Бұл кісінің азаматтық болмысына, шығармашылықтағы ерекше таланты мен елеулі еңбегіне қазіргі Ж.Шаштайұлы, Ф.Оңғарсынова, Қ.Жиенбай сынды қабырғалы қаламгерлері жоғары баға берген болатын. Жас оқырмандардың жүрек түкпірін орын алған жазушының рухани болмысы жаңғырып, көркем туындыларының бағасы одан әрі биіктей түсеріне сенімдіміз, – деді М.Ниязов.

Осылайша байқау басталды. Оған облыс ау-

мағынан он екі оқушы қатысып, бағын сынады. Жас оқырмандар жазушының алғашқы кітабы «Гүлдәурен» жинағындағы балаларға арналған әңгімелер мен ертегілерді айтып беріп, оқиғаның түпкі мән-мағынасына бойлауға тырысты. Шынында, адамгершілік, ар-ысқап, аманатқа деген адалдық, қарапайым еңбек етудегі жауапкершілік пен сенім қасиеттеріне баулитын шығармалар оқушыларға ой салғаны байқалды. Қорытындысында Қ.Данабаевтың бауыры Көлбай Данабаевтың арнайы жүлдесімен Мирас Қайратұлы (Сырдария ауданынан), жазушының туысы Н.Мерев әулетінің арнайы жүлдесімен Бақдәлет Шайдулла (Қызылорда қаласы) марапатталса, III орынды Айар Серік (Қызылорда), II орынды Талғат Бақытжан (Қызылорда), бірінші орынды Нұрайым Әбілдақұлы (Шиели ауданы), бас жүлдені Сая Амангелді (Арал ауданы) иеленді. Қатысушы Нұрай Толысбай мен Аралым Арықбаеваға арнайы жүлделер табыс-талды.

Байқауға белгілі ақын Мамыр Байдәулетов, ұстаз, ғалым, балалар жазушысы Рахат Наурызбаева және ақын, Қазақстан Жазушы-



лар одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы қазылық етті. Қазылардың айтуынша, жыл өткен сайын балалардың көркем әдебиетке деген құштарығы арта түскен. Әрқайсысы оқиға мазмұнын өз бетіне түйсінуге талпынған. Алайда әңгіменің сабағын үзбей мәнгерлеп айтуға келгенде, әлі де ізденістің қажет екені рас.

Қазі Данабаев Арал ауданы, Қарақум ауылының тұрғысы. Жастайынан жазу-сызуға жақын болатын. Сол кездегі Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын туған ауылында, өзі оқыған мектепте мұғалім болудан бастады. Облыстық телерадио компаниясында біраз жыл қызмет атқарды.

Қаламгер Қазі Соңғыбайұлының шабытты шағы облыстық «Сыр бойы» газетінің қабырғасында өтті. Облыстық газеттің тілшісі, руханият бөлімінің меңгерушісі, бас редакторының кеңесшісі, редакция алқасының мүшесі болып қызмет атқарған ол бірнеше мәрте

облыстың үздік журналисі атанды. Сондай-ақ, М.Шоқай атындағы сыйлықтың лауреаты, облыс әкімінің 2006 жылғы стипендианты.

Қазі Данабаевтың казак журналистикасынан бөлек, көркем әдебиет саласында көрнекті қолтаңбасы бар. Жазушының қаламынан туған «Гүлдәурен», «Ақ кептер» хикаяттары кітап болып басылды. Оған бөлек, тұңғыш өлеңдері «Көктем тынысы», «Дария жыры» жинақтарына енді. Қаламгердің Сыр елінің танымал тұлғалары жайлы жазған оншақты деректі кітаптары да оқырман ойынан шықты. Осындай субелі еңбектерімен республикалық «Жалын» баспасының жабық жүлдесін екі мәрте жеңіп алды. Бертін келе, яғни 2008 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясымен «Сағыншы екен бала кез» атты шығармалар жинағы көлемді кітап болып шықты. Бұл кітапта жазушының өңімдері, хикаялары, ертегілері және өлеңдері жинақталған.

НАМЫС

Қайратына мінген қазақ боксы

Сондай-ақ, жанкүйерлер 63,5 келі салмақта сыңға түскен Санатәлі Төлтаевтың шеберлігін жоғары бағалады. Шаршы алаң төрінде шотландиялық Ризо Линчпен шеберлік байқасқан еді. Бұл жолы да төрешілер қазақстандықын жігерлі қимылын көргендегі кейіп таңитты. Жалпы, ел құрамындағы барлық сандағымыз ширек финалда жақсы ойын көрсетті. Әлемдік деңгейдегі көптеген мамандар қазақстандық боксшылардың намысты қимылын жоғары бағалағанын білеміз.

Жартылай финалда жеткен бес үздігіміз ақтық сыңға апарар жолда аянып қалған жоқ. Ел құрамынан Теміртас Жүсіпов (48 келі), Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмуд Сабырхан (54 келі) мен Серік Теміржанов (57 келі) финалда жолдама алса, Абылайхан Жүсіпов (67 келі) қола жүлдені қанағат тұтты.

Ашығын айтайық, қазақстандық спортшылардың ақтық сыңғалы қарсыластары осал емес болатын. Екеуі АҚШ боксшыларымен жекпе-жекке шықса, біреуі тайландтық, біреуі жапониялық қарсыласымен қолғап түйістірді. Америкада жанкүйерлер ағыршаңдықты бұлғары қолғап шеберлерінен қауіп алған еді. Дегенмен, Сәкен Бибосынов мұхиттың арғы бетінен жеткен Роско Хилденді айласын асырып кетті. Ал Серік Теміржанов сол елдің тағы бір өкілі Джамал Харвиге есе жіберіп қойды. Теміртас Жүсіпов тайландтық Вуттичай Юрвачиді тізе бүктірсе, Махмуд Сабырхан жапониялық Томоя Цубоига жеңілді.

1	Куба	3	0	2	5
2	Қазақстан	2	2	1	5
3	США	2	2	0	4
4	Япония	2	0	0	2
5	Россия	1	2	2	5
6	Азербайджан	1	0	2	3
7	Франция	1	0	2	3
8	Украина	1	0	0	1

Жүлделер саны жөнінен ел құрамына жалпы командалық есепте екінші орынға табын гіреді. Бірінші орындағы Кубаның еншісінде – 2 алтын, 1 күміс, 2 қола. Ал үздік үштікті түйіндеген АҚШ боксшылары 2 алтын, 2 күміс алып қайтты.

Ұлттық құрамының бас бапкері Қайрат Сәтжанов шәкірттерінің жетістігіне көңілі толанып атап өтті. Алда әлі де атқарылатын жұмыстар ауқымды.

– Әлем чемпионатын ойдағдай өткіздік деп санаймын. Дайындық барысында әрбір боксшыға зор сенім білдірдік. Олардың барлығы чемпион болуға лайықты екенін айттық. Негізгі мақсатымыз – жалпыкомандалық есепте топ жару еді. Ең шімізде – екі алтын, екі күміс, бір қола. Әрине, төрешілер қателігін де жоққа шығара алмаймыз. Десе де, шәкірттеріміздің Белград төрінде ойын көрсетуі көңілмен шықты. Бізге қолдау біл-

дірген барша қазақстандық жанкүйерлерге алғыс білдірем. Олимпиададан кейін бұл чемпионат бізді біріктіре түсті. Жеңісті күндеріміз көп болсын, – деді бас бапкер.

Әлем чемпионаты атанған Теміртас Жүсіпов өзінің жеңісін отандастарына арнайтынын айтты. «Бұл жеңісімді барша қазақ еліне арнаймын. Финалдық кездесу психологиялық тұрғыдан қиын тиді. Қарсыласым өте ыңғайсыз, жылдам қимылдайды екен. Бапкерлер айтуымен оны жекпе-жек барысында жеңудің жолын таптым», – деді Теміртас.

Дүбірлі долада топ жарған тағы бір үздігіміз – Сәкен Бибосыновтың жеке бапкері Мырзағали Айтжанов шәкірті осы аламанда үздік жекпе-жегінің бірін көрсеткенін атап өтті.

Олимпиаданың кейін қайтадан шыңда шығу өте қиын. Сәкен Токно ойын-дарынан кейін екі апта ғана демалды. Осылайша қайтадан жағтығуға кірісті. Сол

кезде Сәкеннен «Мүмкін, қатыспай-ақ қоярсың, демаларсың», деп сұрадым. Бірақ ол өз ойынан айныған жоқ. Олимпиадада кеткен есесін қайтаратынын айтты. Осылайша тыңғылықты дайындық жүргізген Сәкен өзінде тұрып, әлем чемпионы атанды. Мұның бәрі еңбектен келді. «Еңбек бәрін жеңбек» деген сөздің дұрыстығын дәлелдеді, – деді ол.

Айта кетерлігі, Әлем чемпионаты 1974 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Айтулы сыңға Қазақстан құрамысы 1993 жылдан бері үздіктерін қосып жүр. Содан бері еліміз осындай 14 долада бақ сынаған екен. Бұлдан жоғары көрсеткішке 2013 жылы Алматы қаласында өткен Әлем чемпионатында қол жеткізді. Ол жолы еліміздің бұлғары қолғап шеберлері төрт алтын, екі күміс, екі қола медаль иеленді. Ал 2019 жылы алты жүлде алып, бұл жөнінен жоғары нәтижені бағындырған едік.

Әлемде қазақ боксының өзіндік белелі бар. Токсаныншы жылдарға дейін де қазақ топшырағынан талай мықтылар шықты. Әрине, одан бергі кезеңде егеменді ел ретінде талай таланттарға жол ашылды. Спортта үнемі бір қалыпта тұру мүмкін емес. Қарсыластарының қоғалдай жапыран Кубаның өзі де кейбір додаларда алғысыз қайтып жаталды. Соған бола бапкерлердің еселі еңбегін жоққа шығарып, спортшыларды төмендетуге ешбір негіз жоқ.

Белград төрінде ел намысын қорғаған ұлттық құрама мүшелері жанкүйер сенімін ақтады деп санаймыз. Қайсысын да қарсыластарына қаймықпайтын қайсар екенін көз жанарынан байқадық. Алда талай дола бар. Бапкерлер оларды әлі де шындай түседі. Тәжірибесін арттыралы. Қазақ боксынан келешекте талай топжарған ұлдардың шығатынына үлкен үміт артамыз.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ Басынан өткен өмір сабағын ұрпақтың зердесіне терең сіңірген қазекеннің даналығы еріксіз қайран қалдырады. Ат үстінде күн кешіп, жан-жағынан аш қасқырдай жалаңдаған арам ниет дұшпандардан кең даласын қорғаған бабаларымыз ел тағдырын, ер намысын бәрін жоғары қойғаны ежелден мәлім. Бүгінгі әңгіменің желісі – «жаным – арымның садағасы» деген қасиетті ұғымды ту көтерген, өскен-өнген әулет жайлы.

Сb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Сәуду салған сұрлеу

«Бойында Арыстың, өзімнен таныстым» деп басталатын Шөкен, Шәмші Қалдаяқовтың әсем әнін білмейтіндер ай, қайдам жоқ шығар. Сол сазды әуенге арқау болған Арыстың жағасында Түлкібаб аталатын іргелі кент бар. Топырағы құнарлы, табиғаты келісті, жері шүйгін төрт түлікке өрісті қоныста Рауан Ерболұлы есімді жігіт тұрады.

Екеуімнің таныстығымыз ойламаған жерден басталды. Бүгінде үлкен-кішінің көбі әлеуметтік желіде. Солардың қатарында өзім де жеке парақшама мақала, өңгіме, өлең жазып, оқырманға ой бөлісіп отырамын.

Бірде Қазалы өңірі жайлы әңгімеме пікір қалдырған Рауанының жазбасына елең ете түстім. Ойы шып-шымыр, сөз саптауы шебер өрнектелген қысқа лебізден тұған жерге құрмет, сағыныш лебі еседі. Сұрастыра келгенде Рауаның Қазалының, оның ішінде Басықара ауылының азаматы екенін білдім. Ал тегін естігенде сүйсінім артта түсті. Рауан Ерболұлы көпшілікке аты жақсы мәлім педагог, ұстаздардың ұстазы, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Қызыл Жұлдыз» ордені, бірнеше мерекелік медаль иегері, марқұм Сәуду Тасмағамбетовтің немересі болып шықты. Әп, бәрекеділі!

Арада уақыт өте Рауанмен Қазалыда жүздестім. Ініміз атасы Сәудудің тағалымағ толы тағдыры туралы маған біршама сыр ақтарды. Оның бақ-бұл жанған өңінен атасына деген мақтанышын байқағанда кеудемде «бұл жалғанда ұрпақтардың ұялмайтындай гүмбір кешкенге не жетсін?!» деген сезім кернеді. Әр сөзінен парасаттылық аңғарылған Рауан ұлтымыздың «Атадан ұл туса игі, атаның жолын қуса игі» деген даналығын жадыма салды. Ізімізден осындай жігерлі жастар шоғыры өсіп келе жатқанын көргенімнен бастап, Рауаның әңгімесіне құмарта құлақ түрдім. Әлемді зобалаң салған Ұлы Отан соғысы басталғандан бері шаңырақтан ақ адам, яғни, Сәуду мен әкесі майдаған еткен екен. Қанды шайқасқа ұшқыш ретінде қатысқан Сәкеннің әжесі Украина, Беларусь аспанында жауға қырандай шүйелді. Небір ерлік жасап, маңызды әскери тапсырмаларды орындады. Қыран қазасы қияда болатынын естіген шығарсыз?! Сондай қиян-қескі әуе кеңістігіндегі ұрыстың бірінде қазақтың өжет ұлы ерлікпен қаза табады. Сәуду әкесінің қазасын ауыр жараланып, елге оралғанда бір-ақ біледі.

1943 жылғы 24 қыркүйекте ауыр жараланған Сәуду Мәскеу, Новосібірск госпитальдарында емделді. Әскери медициналық комиссияның шешімімен «соғысқа жарамсыз» деп танылып, елге оралды.

Жаракаты жанына қанша батқанымен, қол қусырып отыруды ар санаған кешегі сарбаз көп ұзамай ұстаздық қызметке кіріседі. «Авангард» жетіжылдық мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы болып бастаған еңбек жолына қадамды. Ізденуден жалдықпайтын Сәкен алғашқыда педучилищені, кейін Қызылорда педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірді. Қырық жылдан астам уақытта қарапайым мұғалімдіктен оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне дейін жоғарылады. Өмірлік жары, Батыр ана Тәрбие аймаймен бірге бауырынан өрбеген перзенттерінен немере-шөбере сүйді. Бүгінгі таңда Сәуду салған сұрлеу данғын еңбек жолына айналды.

Жұырда Басықара ауылындағы көшеңің бірі Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Қызыл Жұлдыз» ордені, бірнеше мерекелік медаль иегері, Сәуду Тасмағамбетовтің есімін иеленді. Марқұмның аруағына құран бағышталып, ас берілді. Шара барысында облыстық мәслихат депутаты Ібайдулла Тілеп, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Талайлы Борқұлақов өзге де ел ағалары сөз сөйлеп, естеліктер айтты. «Ерлік ұмытылмайды» деген осы шығар.

Басықара ауылы



Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г. 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Кезекші редактор Әділжан ҰМБЕТ